

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қылмыстық, Қылмыстық-процестік және Қылмыстық-атқару кодекстерін оңтайландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 6 сәуірдегі № 277 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қылмыстық, Қылмыстық-процестік және Қылмыстық-атқару кодекстерін оңтайландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министри

Ә. Смайилов

ЖОБА

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қылмыстық, Қылмыстық-процестік және Қылмыстық-атқару кодекстерін оңтайландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне:

1) 53-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) қылмыстық-атқару жүйесінің пробация қызметінің жұмысын қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де мемлекеттік қызметтерге және орталық мемлекеттік органдар қызметінің бағыттарына арналған шығыстар қаржыландырылады.";

2) 54-баптың 1-тармағының 2) тармақшасында:

бірінші абзацы "қауіпсіздік" деген сөзден кейін ", қылмыстық-атқару жүйесі" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы он екінші абзацпен толықтырылсын:

"қылмыстық-атқару жүйесі пробация қызметінің қызметін қамтамасыз ету және ұстау";

3) 55-баптың 1-тармағының 2) тармақшасында:

бірінші абзацы "қауіпсіздік" деген сөзден кейін ", қылмыстық-атқару жүйесі" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы он бесінші абзацпен толықтырылсын:

"қылмыстық-атқару жүйесінде пробация қызметінің қызметін қамтамасыз ету және ұстай".

2. 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде:

1) 2-баптың екінші бөлігіндегі "негіздері" деген сөз "негізі" деген сөзбелен ауыстырылсын;

2) 3-бапта:

2) тармақ "мөлшер –" деген сөзден кейін "197 – мүліктің айлық есептік көрсеткіштен екі жұз есе асатын құны;" деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақ "орындауды бұзуды;" деген сөздерден кейін "әскери немесе" деген сөздермен толықтырылсын;

14) тармақ "әуе немесе теңіз" деген сөздерден кейін "әскери немесе" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 24-бапта:

тақырыптағы "қылмыс" деген сөз "қылмыстық құқық бұзушылық" деген сөздермен ауыстырылсын;

ұшінші және бесінші бөліктердегі "қылмыс" және "қылмысқа" деген сөздер "қылмыстық құқық бұзушылық" және "қылмыстық құқық бұзушылыққа" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөлік алып тасталсын;

4) 41-баптың жетінші бөлігіндегі "аяқталмаған қылмыс" деген сөздер "қылмысқа дайындалғаны немесе қылмыстық құқық бұзушылыққа оқталғаны" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 42- баптың алтыншы бөлігіндегі "аяқталмаған қылмыс үшін жаза" деген сөздер "қылмысқа дайындалғаны немесе қылмыстық құқық бұзушылыққа оқталғаны үшін жаза" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 43-бапта:

2-2-бөліктегі "аяқталмаған қылмыс үшін жаза" деген сөздер "қылмысқа дайындалғаны немесе қылмыстық құқық бұзушылыққа оқталғаны үшін жаза" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қоғамдық жұмыстарға тарту жүкті әйелдерге, үш жасқа дейінгі жас баласы бар немесе тәрбиелеп отырған әйелдерге, үш жасқа дейінгі жас баласын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектерге, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдерге, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектерге, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға, әскери қызметшілерге тағайындалмайды.";

7) 44-бапта:

бірінші бөлікте:

"жас балалары бар әйелдер" деген сөздер "жас баласы бар немесе тәрбиелеп отырған әйелдер" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектер" деген сөздер "жас баласын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектер" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік "ықпал ететін басқа да міндеттерді орындауды қамтиды;" деген сөздерден кейін "алкогольді, сондай-ақ есірткі және психотроптық заттарды, олардың аналогтарын, басқа да есендірететін заттарды медициналық емес мақсатта қолданбау; тұрақты жұмыс немесе оқу болмаған кезде халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті органда жұмыссыз ретінде тіркелу, " деген сөздермен толықтырылсын;

8) 45-бапта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қамаққа алу сотталған адамды тағайындалған жазаның ауыстырылып берген жазаның бүкіл мерзіміне немесе қоғамнан оқшаулауды білдіреді.";

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қамаққа алу кәмелетке толмағандарға, жүкті әйелдерге, жас баласы бар немесе тәрбиелеп отырған әйелдерге, жас баласын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектерге, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдерге, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектерге, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға тағайындалмайды және жазаны ауыстыру тәртібімен қолданылмайды.";

9) 48-бапта:

бірінші бөліктегі "сотталған адамның меншігіндегі," деген сөздер алып тасталсын; екінші бөліктің 5) тармағындағы "сотталған адам" деген сөздер алып тасталсын;

10) 50-баптың екінші бөлігі мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:

"Азаптау жасағаны үшін белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру міндетті түрде тағайындалады және құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарда лауазымдарды атқаруға өмір бойы тыйым салудан тұрады.";

11) 53-баптың бірінші бөлігінің 4) тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) кінәлінің жас баласының болуы, сонымен қатар тәрбиесінде;"

12) 55-баптың екінші бөлігі мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын :

"Егер ауырлататын мән-жайлар қылмыстық құқық бұзушылық белгісі ретінде көзделсе, осы бөлімнің ережелері қолданылмайды.";

13) 63-баптың алтыншы бөлігі "сыбайлас жемқорлық қылмыс," деген сөздерден кейін "азаптау," деген сөзben толықтырылсын;

14) 67-баптың тақырыбы мен бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"67-бап. Інтымақтастық туралы процестік келісімнің талаптары орындалған кезде қылмыстық жауаптылықтан және жазаны өтеуден босату

1. Үнтымақтастық туралы процестік келісімнің барлық талаптарын орындаған адам қылмыстық жауаптылықтан немесе жазаны өтеуден босатылады.";

15) 68-баптың екінші бөлігінде "балалары бар әйелдер, жас балаларын" деген сөздер "баласы бар немесе тәрбиелеп отырған әйелдерге, жас баласын" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 72-бапта:

бірінші бөлікте:

"жас балалары бар" деген сөздер "жас баласы бар немесе тәрбиелеп отырған" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған" деген сөздер "жас баласын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Бас бостандығынан айыру түрінде жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға жазасының қалған өтелмеген бөлігі ішінде сот осы Кодектің 44-бабы екінші бөлігінің қағидалары бойынша пробациялық бақылауды белгілейді.

Өмір бойы бас бостандығынан айырылған адамға шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды қолдану кезінде пробациялық бақылау он жыл мерзіміне тағайындалады.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды қолдану кезінде адамға сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінде көзделген міндеттер жүктеледі.

Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберуді тағайындаған шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған кезде пробациялық бақылау қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде белгіленбейді.";

үшінші бөліктің 5) тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) сотталған адам процестік келісімнің барлық талаптарын орындаған жағдайда, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде төрттің бірін не аса ауыр қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде жартысын іс жүзінде өтегеннен кейін ғана шартты түрде мерзімінен бұрын босату қолданылуы мүмкін.";

төртінші бөлікте:

"жас балалары бар" деген сөздер "жас баласы бар немесе тәрбиелеп отырған" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған" деген сөздер "жас баласын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған" деген сөздермен ауыстырылсын;

"бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға" деген сөздер "бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5) сотталған адам процестік келісімнің барлық талаптарын орындаған жағдайда, онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде бестен бірін, ауыр қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде төрттен бірін не аса ауыр қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде үштен бірін іс жүзінде өтегеннен кейін қолданылуы мүмкін.";

жетінші бөлікте:

2) тармақта:

"жас балалары бар" деген сөздер "жас баласы бар немесе тәрбиелеп отырған" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған" деген сөздер "жас баласын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақ "осы бөліктің 2) тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, сот" деген сөздерден кейін "шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды қолдануын жоя отыра" деген сөздермен толықтырылсын;

сегізінші бөлікте:

3) тармақта:

"жас балалары бар" деген сөздер "жас баласы бар немесе тәрбиелеп отырған" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған" деген сөздер "жас баласын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5)-8) тармақтармен толықтырылсын:

"5) осы Кодекстің 73-бабына сәйкес бас бостандығынан айыру түріндегі жазасы бас бостандығын шектеумен ауыстырылған сотталғанына;

6) бұрын өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасын өтеуден шартты түрде босатылғандар;

7) өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасын өтеу кезеңінде жаңа ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасағандар

8) азаптау үшін сотталғандар.";

17) 73-бапта:

бірінші бөлік мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Сот жазаның өтелмеген қалған бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстырған жағдайда, жазаның жаңа түрін есептеудің басталу мерзімі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексімен регламенттеледі.";

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сотталған адам онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыс жасағаны үшін – жаза мерзімінің кемінде төрттен бірін, ауыр қылмысы үшін жаза мерзімінің үштен бірін іс жүзінде өтегеннен кейін жазаның өтелмеген бөлігі неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстырылуы мүмкін.

Кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмысты қәмелетке толмаған адамның он төрттен он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмаған адамға қатысты жасау жағдайын қоспағанда, осындай қылмыс, адамдардың қаза табуына алып келген не аса ауыр қылмыс жасаумен ұштасқан азаптау, террористік немесе экстремистік қылмыс, сондай-ақ қылмыстық топтың құрамында жасалған қылмыс үшін сottalған адамдарға қатысты жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру қолданылмайды. Адамдардың қаза болуына әкеп соқпаған және аса ауыр қылмыс жасаумен ұштаспаған террористік немесе экстремистік қылмыс үшін тағайындалған бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адамға осы бөліктің бірінші абзацында көрсетілген мерзімдерді нақты өтегеннен кейін жазаның қалған өтелмеген бөлігін, егер ол алдын алуға, ашуға немесе террористік немесе экстремистік қылмыстарды тергеу, террористік немесе экстремистік топ мүшелерін әшкереleуге белсенді жәрдем көрсетсе, жазаның неғұрлым жеңіл түрімен сот ауыстыруы мүмкін.";

18) 74-баптың тақырыбы мен бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"74-бап. Жүкті әйелдердің және жас баласы бар немесе тәрбиелеп отырған әйелдердің, жас баласын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектердің жазаны өтеуін кейінге қалдыру

1. Сотталған жүкті әйелдердің жазаны өтеуін сот бір жылға дейін кейінге қалдыруы мүмкін. Жас баласы бар немесе тәрбиелеп отырған сотталған әйелдер мен жас баласын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектердің жазасын орындауды сот бес жылға дейін, бірақ бала он төрт жасқа толғаннан аспайтын мерзімге кейінге қалдыруы ұсынады. Жеке адамға қарсы ауыр немесе аса ауыр қылмыстар, террористік қылмыстар, экстремистік қылмыстар, қылмыстық топ құрамында жасалған қылмыстар, жас балаларға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстар үшін бес жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған жүкті әйелдердің және жас баласы бар немесе тәрбиелеп отырған әйелдердің, жас баласын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектердің жазаны өтеуі кейінге қалдырылмайды.";

19) 77-баптың бесінші бөлігіндегі "экономикалық қызмет саласында" деген сөздер алып тасталсын;

20) 78-баптың бірінші және екінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Рақымшылық жасау туралы актіні Қазақстан Республикасының Парламенті жеке-дара айқындалмаған адамдар тобына қатысты шығарады.

Рақымшылықты қолдану шарты мен тәртібі рақымшылық жасау туралы актімен бекітіледі.

2. Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған адамдар рақымшылық жасау туралы актінің негізінде қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босатылуы мүмкін не оларға тағайындалған жаза қысқартылуы немесе жазаның неғұрлым жеңіл түрімен

ауыстырылуы мүмкін не мұндай адамдар жазаның қосымша түрінен босатылуы мүмкін . Жазасын өтеген немесе оны одан әрі өтеуден босатылған адамдардан рақымшылық жасау туралы актімен сottалғандығы алып тасталуы мүмкін.

Кәмелетке толмағанның он төрттен он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағанға қатысты осындағы қылмыс жасаған жағдайды қоспағанда, кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстар, террористік қылмыстар, экстремистік қылмыстар, азаптаулар, сондай-ақ қылмыстардың қайталануы немесе қылмыстардың қауіпті қайталануы кезінде жаза тағайындалған адамдарға рақымшылық жасау туралы акт қолданылмайды.";

21) 93-баптың бірінші бөлігінің 5) тармағындағы "химиялық кастрация түріндегі мәжбүрлеп емдеу" деген сөздер "химиялық кастрацияны" деген сөздермен ауыстырылсын;

22) 138-баптың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Бала асырап алу (қыз бала асырап алу) фактісін қызметтік немесе кәсіптік құпия ретінде сақтауға міндетті адамның не өзге адамның пайдакунемдік немесе өзге де ұждансыз пиғылмен жасаған, бала асырап алу (қыз бала асырап алу) құпиясын бала асырап алушының (қыз бала асырап алушының) еркіне қайшы жария етуі –";

23) 144-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"144-бап. Кәмелетке толмағандарды эротикалық мазмұндағы өнімдерді жасауға, таратуға, жарналамауға және сатуға тарту";

"Кәмелетке" деген сөзден кейін "1. Кәмелетке" деген сөзben толықтырылсын;

24) 156-бапта:

екінші бөлігінің екінші абзацындағы "үш жылға" деген сөздер "екі жылға" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктің екінші абзацындағы "немесе онсыз," деген сөздер алып тасталсын;

төртінші бөліктің екінші абзацындағы "үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз" деген сөздер "төрт жылға дейінгі мерзімге айыра отырып" деген сөздермен ауыстырылсын;

25) 161, 179 және 180-баптарға мемлекеттік тілде редакциялық түзету, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

161-баптың тақырыбы мен бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"161-бап. Басқыншылық соғысты тұтандыруға насиҳат жүргізу немесе жария түрде шақырулар

1. Басқыншылық соғысты тұтандыруға насиҳат жүргізу немесе жария түрде шақырулар, –";

179-баптың тақырыбы мен бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"179-бап. Билікті басып алуды немесе ұстап тұруды насихаттау немесе оған жария түрде шақырулар, сол сияқты билікті басып алу немесе ұстап тұру не Қазақстан Республикасының конституциялық құрылышын күштеп өзгерту

1. Қазақстан Республикасының Конституациясын бұзып, билікті күшпен басып алуды немесе билікті күшпен ұстап тұруды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді не Қазақстан Республикасының конституциялық құрылышын күштеп өзгертуді насихаттау немесе оған жария түрде шақырулар, сол сияқты осындай мазмұндағы материалдарды тарату мақсатында дайындау, сақтау немесе тарату, –";

180-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының біртұастығы мен тұтастығын, оның аумағына қол сұғылмауын және бөлінбеуін бұзуды не мемлекетті ыдыратуды насихаттау немесе оған жария түрде шақырулар, сол сияқты осындай мазмұндағы материалдарды тарату мақсатында дайындау, сақтау немесе тарату, –";

26) 189-бапта:

үшінші бөлікте "мұлкі тәркіленіп," деген сөздерден кейін "ұрланған мұліктің екі еседен үш есеге дейінгі мөлшеріне айыппұл салынады немесе";

төртінші бөлік "немесе онсыз," деген сөздерден кейін "ұрланған мұліктің екі еседен үш есеге дейінгі мөлшеріне айыппұл салынады немесе" деген сөздермен толықтырылсын;

27) 190-бапта:

екінші бөліктің 4) тармағы "теріс пайдалану жолымен" деген сөздерден кейін "немесе интернет желілерімен" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөлік "мұлкі тәркіленіп," деген сөздерден кейін "ұрланған мұліктің екі еседен үш есеге дейінгі мөлшеріне айыппұл салынады немесе" деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші бөлік "немесе онсыз," деген сөздерден кейін "ұрланған мұліктің үш еседен бес есеге дейінгі мөлшеріне айыппұл салынады немесе" деген сөздермен толықтырылсын;

28) 197-бапта:

бірінші бөліктің бірінші абзацы "шығарылу занылышын растайтын құжаттарсыз" деген сөздерден кейін "айтарлықтай мөлшерде жасалған" деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші бөлігіндегі "3)" деген цифр "2)" деген цифмен ауыстырылсын;

29) 205-бапта:

тақырыптағы "ақпараттық жүйеге немесе телекоммуникациялар желісіне" деген сөздер алып тасталсын;

бірінші бөліктегі бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Электрондық жеткізгіштегі немесе ақпараттандыру объектісінде заңмен қорғалатын ақпаратқа, елеулі түрде бұзуға әкеп соққан қасақана құқыққа сыйымсыз қол жеткізу –";

30) 206-бапта:

бірінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Электрондық жеткізгіште, ақпараттандыру объектісінде қамтылған, заңмен қорғалатын ақпаратты қасақана құқыққа сыйымсыз жою немесе түрлендіру, сол сияқты ақпараттық жүйеге көрінеу жалған ақпарат енгізу, егер елеулі зиянға әкеп соқса, –";

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектісінде қамтылған, заңмен қорғалатын ақпаратты қасақана құқыққа сыйымсыз жою немесе түрлендіру, сол сияқты оған көрінеу жалған ақпаратты енгізу -

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

мынадай мазмұндағы 2-1-бөлікпен толықтырылсын:

"2-1. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген:

- 1) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен;
- 2) бірнеше рет жасалған іс-әрекеттер, –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан төрт жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

31) 207-бапта:

тақырыптағы "Ақпараттық жүйенің немесе телекоммуникациялар желісінің" деген сөздер "Ақпараттандыру объектісінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөлігінің бірінші абзацындағы "Ақпараттық жүйенің немесе телекоммуникациялар желісінің" деген сөздер "Ақпараттандыру объектісінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілеріне қатысты жасалған дәл сол іс-әрекеттер –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, үш мың айлық есептік

көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сегіз жұз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

мынадай мазмұндағы 2-1-бөлікпен толықтырылсын:

"2-1. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген:

- 1) бірнеше рет;
- 2) алдын ала сөз байласу бойынша адамдар тобымен жасалған дәл сол іс-әрекеттер,

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, төрт мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір мың сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

32) 208-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"208-бап. Ақпаратты құқыққа сыйымсыз иеленіп алу

1. Заңмен қорғалатын ақпаратты қасақана құқыққа сыйымсыз ақпараттандыру объектісінде ұсталатын немесе электрондық тасығышта сақталатын, көшіру немесе өзгедей құқыққа сыйымсыз иеленіп алу, егер бұл елеулі зиянға әкеп соқса, –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан екі жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, екі жұз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жұз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

2. Ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектісінде сақталатын, заңмен қорғалатын ақпаратты қасақана заңсыз көшіру немесе өзге де заңсыз иемдену, -

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не алты жұз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2-1. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген:

- 1) бірнеше рет;
- 2) алдын ала сөз байласу бойынша адамдар тобы жасаған іс-әрекеттер, –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан төрт жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, үш мың айлық есептік

көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сегіз жұз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген:

- 1) қылмыстық топ жасаған;
- 2) ауыр зардаптарға әкеп соққан іс-әрекеттер –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. ";

33) 209-баптың бірінші бөлігіндегі "электрондық жеткізгіште сақталатын, ақпараттық жүйеде қамтылатын немесе телекоммуникациялар желісімен берілетін" деген сөздер "ақпараттандыру объектісінде немесе электрондық тасығышта қамтылған" деген сөздермен ауыстырылсын;

34) 210-бабының бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Электрондық жеткізгіште немесе ақпараттандыру объектісінде қамтылған ақпаратты құқыққа сыйымсыз жою, бұғаттау, түрлендіру, көшіру, пайдалану, компьютердің, абоненттік құрылғының, компьютерлік бағдарламаның, ақпараттық жүйенің жұмысын бұзу мақсатында компьютерлік бағдарлама, бағдарламалық өнім жасау немесе қолданыстағы бағдарламаға немесе бағдарламалық өнімге өзгерістер енгізу, сол сияқты осындай бағдарламаны немесе бағдарламалық өнімді қасақана пайдалану және (немесе) тарату –";

35) 223-баптың үшінші бөлігінің бірінші абзацындағы "азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға" деген сөздер "елеулі зиян келтірсе" деген сөздермен ауыстырылсын;

36) 234-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы "сексен айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына" деген сөздерден кейін "өткізілген тауарлар құнының екі еседен үш есеге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің жетінші абзацында "үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына" деген сөздер "айыппұл мөлшерінде жазаланады өткізілген тауарлар құнының үш еседен бес есеге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктің екінші абзацы "мұлкі тәркіленіп" деген сөздерден кейін "өткізілген тауарлар құнының бес еседен он есеге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

37) 236-бапта:

бірінші бөлігінің екінші абзацындағы "сексен айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не" деген сөздер "төленбеген кедендік баждар, кедендік алымдар, салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары құнының екі еседен үш есеге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлігінің екінші абзацындағы "бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына" деген сөздер "төленбеген кедендік баждар, кедендік алымдар, салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары құнының үш еседен бес есеге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"төленбеген кедендік баждар, кедендік алымдар, салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары құнының бес еседен он есеге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не екі жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

38) 245-бапта:

бірінші бөлігінің екінші абзацындағы "екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына" деген сөздер "бюджетке түспеген төлемдердің екі еседен үш есеге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлігінің екінші абзацындағы "төрт мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына" деген сөздер "бюджетке түспеген төлемдердің үш еседен бес есеге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға" деген сөздермен ауыстырылсын;

39) 251-баптың тақырыбы және бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"251-бап. Жеке нотариустардың, бағалаушылардың, жеке сот орындаушыларының, коллекторлық агенттіктердің қызметкерлерінің, аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін медиаторлар мен аудиторлардың өкілеттіктерін теріс пайдалануы

1. Жеке нотариустың, бағалаушының, жеке сот орындаушысының, борышкермен және (немесе) оның өкілімен және (немесе) үшінші тұлғамен, медиатормен, аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор немесе аудиторлық ұйымның басшысымен өзара іс-қимыл жасайтын коллекторлық агенттік қызметкерінің өз өкілеттіктерін өз қызметінің міндеттеріне қайши және өзі үшін пайда мен артықшылықтар алу мақсатында пайдалануы немесе басқа тұлғаларға немесе ұйымдарға зиян келтіру не басқа тұлғаларға немесе ұйымдарға зиян келтіру, егер бұл әрекет азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен занды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтірсе, –";

40) 252-баптың тақырыбы және бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"252-бап. Жекеше күзет қызметтері, коллекторлық агенттіктері жұмыскерлерінің өкілеттіктерін асыра пайдалануы

1. Жекеше күзет қызметі басшысының немесе жұмыскерінің оларға лицензияга сәйкес өздеріне берілген өкілеттіктерін асыра пайдалануы, сол сияқты борышкермен және (немесе) оның өкілімен және (немесе) үшінші тұлғамен әрекеттесетін коллекторлық агенттік жұмыскерлерінің, коллекторлық қызмет туралы заңнамада көзделген өкілеттіктерін өз қызметінің міндеттеріне қайшы асыра пайдалануы, егер бұл іс-әрекет күш қолданып немесе оны қолдану қатерін төндіріп, мүліктің жою немесе бұлдіру қаупімен, жалған құжаттарпен, бопсалу арқылы жасалса, -";

41) 253-баптың төртінші бөлігінің екінші абзацында "бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде" деген сөздер "он еседен жиырма есеге дейінгі сомасы немесе берілген мүліктің құны мөлшерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

42) 256-баптың тақырыбы мен бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"256-бап. Терроризмді насиҳаттау немесе терроризм актісін жасауға жария түрде шақырулар

1. 1. Терроризмді насиҳаттау немесе терроризм актісін жасауға жария түрде шақырулар, сол сияқты көрсетілген мазмұндағы материалдарды тарату мақсатында дайындау, сақтау немесе тарату -";

43) 307-баптың екінші бөлігінің 4) тармағындағы "жасаған дәл сол іс-әрекеттер" деген сөздер алып тасталып, мынадай мазмұндағы 5) тармақпен толықтырылсын:

"5) бірнеше рет жасаған дәл сол іс-әрекеттер, -";

44) 318-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацы "Лауазымды адам жасаған не" деген сөздерден кейін "абайсызда" деген сөзben толықтырылсын;

45) 323-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацы "егер бұл" деген сөздерден кейін "абайсызда" деген сөзben толықтырылсын;

46) 324-бапта:

бірінші бөліктің бірінші абзацы "ірі залал келтіруге әкеп соқса немесе әкеп соғуы мүмкін болса немесе адамның денсаулығына зиян келтірсе" деген сөздерден кейін "абайсызда адамның денсаулығына зиян келтіруге немесе ірі залалға әкеп соқса немесе әкеп соғуы мүмкін болса" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, абайсызда аса ірі залал келтіруге не өзге де ауыр зардаптарға әкеп соққан іс-әрекет, - ";

47) 325-бапта:

бірінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Экологиялық тұрғыдан әлеуетті қауіпті химиялық немесе биологиялық заттарды өндіру, тасымалдау, сақтау, көму, пайдалану немесе олармен өзге де жұмыс істеу кезінде экологиялық талаптарды бұзу, егер бұл іс-әрекет абайсызда адамның

денсаулығына зиян келтіруге немесе айтарлықтай залалға әкеп соқса немесе әкеп соғуы мүмкін болса, –";

ұшінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, абайсызда аса ірі залал келтіруге не өзге де ауыр зардаптарға әкеп соққан іс-әрекеттер, –";

326-бапта:

бірінші бөліктің бірінші абзацындағы "айтарлықтай залал келтіруге әкеп соқса немесе әкеп соғуы мүмкін болса немесе адамның денсаулығына зиян келтірсе" деген сөздер "абайсызда адамның денсаулығына зиян келтіруге немесе айтарлықтай залалға әкеп соқса немесе әкеп соғуы мүмкін болса" деген сөздермен ауыстырылсын;

ұшінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, абайсызда аса ірі залал келтіруге не өзге де ауыр зардаптарға әкеп соққан іс-әрекеттер, –";

49) 328-бапта:

бірінші бөліктің бірінші абзацындағы "айтарлықтай залал келтіруге әкеп соқса немесе әкеп соғуы мүмкін болса немесе адамның денсаулығына зиян келтірсе" деген сөздер "абайсызда адамның денсаулығына зиян келтіруге немесе айтарлықтай залалға әкеп соқса немесе әкеп соғуы мүмкін болса" деген сөздермен ауыстырылсын;

ұшінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, абайсызда аса ірі залал келтіруге не өзге де ауыр зардаптарға әкеп соққан іс-әрекеттер, –";

50) 329-бапта:

бірінші бөліктің бірінші абзацындағы "ірі залал келтіруге әкеп соқса немесе адамның денсаулығына зиян келтірс" деген сөздер "абайсызда адамның денсаулығына зиян келтіруге немесе ірі залалға әкеп соқса немесе әкеп соғуы мүмкін болса" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Абайсызда аса ірі залал келтіруге не өзге де ауыр зардаптарға әкеп соққан дәл сол іс-әрекет, –";

51) 330-бапта:

бірінші бөліктің бірінші абзацындағы "ірі залал келтіруге әкеп соқса немесе адамның денсаулығына зиян келтірсе" деген сөздер "абайсызда адамның денсаулығына зиян келтіруге немесе ірі залалға әкеп соқса немесе әкеп соғуы мүмкін болса" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Абайсызда аса ірі залал келтіруге не өзге де ауыр зардаптарға әкеп соққан дәл сол іс-әрекет, –";

52) 332-бапта:

бірінші бөліктің бірінші абзацындағы "ірі залал келтіруге әкеп соқса немесе әкеп соғуы мүмкін болса немесе адамның денсаулығына зиян келтірсе" деген сөздер "абайсызда адамның денсаулығына зиян келтіруге немесе ірі залалға әкеп соқса немесе әкеп соғуы мүмкін болса" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің бірінші абзацы "көзделген" деген сөзден кейін "абайсызда" деген сөзбен толықтырылсын;

ұшінші бөліктің бірінші абзацында:

"аумақтарда" деген сөзден кейін "абайсызда" деген сөзбен толықтырылсын;

"зардаптардың басталуына алып келген" деген сөздер "зардаптарға әкеп соққан" деген сөздермен ауыстырылсын;

53) 333-бапта:

бірінші бөліктің бірінші абзацындағы "ірі залал келтіруге әкеп соқса немесе әкеп соғуы мүмкін болса немесе адамның денсаулығына зиян келтірсе" деген сөздер "абайсызда адамның денсаулығына зиян келтіруге немесе ірі залалға әкеп соқса немесе әкеп соғуы мүмкін болса" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Абайсызда аса ірі залал келтіруге не өзге де ауыр зардаптарға әкеп соққан дәл сол іс-әрекет,-";

54) 370-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацындағы "егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен занды мұдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мұдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соқса" деген сөздер "елеулі зиян келтірсе" деген сөздермен ауыстырылсын;

55) 385-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы "не сол мерзімге" деген сөздерден кейін ", бас бостандығынан айыруға жазаланады жылдар немесе онсыз" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацы "не сол мерзімге" деген сөздерден кейін ", бас бостандығынан айыруға, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға жазаланады төрт жыл немесе онсыз." деген сөздермен толықтырылсын;

56) 387-бабының тақырыбындағы "Әскери қызметтен босатуға" деген сөздер "Осы қызметтен босату үшін" деген сөздермен ауыстырылсын;

57) 392-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацында:

"бір мың" деген сөздер "екі мың" деген сөздермен ауыстырылсын;

"бір жылға" деген сөздер "үш жылға" деген сөздермен ауыстырылсын;

"бес жыл мерзімге" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-бөлікпен толықтырылсын:

"1-1. Мынадай:

- 1) адамдар тобымен, адамдар тобымен алдын ала сөз байласу арқылы;
 - 2) бірнеше рет;
 - 3) өзіне қатысты өзіне көрінеу белгілі Қазақстан Республикасына кіруге не Қазақстан Республикасынан шығуға тыйым салу (уақытша шектеу) белгіленген тұлға сол әрекеттер жасалған, –

шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасынан шығарып жібере отырып, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.>";

екінші бөлікте:

бірінші абзацындағы "Қылмыстық топ" деген сөздер "Осы баптың бірінші немесе 1-1-бөліктегіндегі көзделген" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы "бес жыл мерзімге" деген сөздер алып тасталсын;

394-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"394-бап. Заңсыз көші-қонды ұйымдастыру

1. Көлік құралдарын не жалған құжаттарды не тұрғын немесе өзге де үй-жайларды ұсыну, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасының аумағына заңсыз кіру, шығу, өткізу үшін өзге де қызметтер көрсету жолымен заңсыз көші-қонды ұйымдастыру –

шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасынан шығарып жібере отырып, мұлкі тәркіленіп немесе онсыз, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сегіз жұз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Бірнеше рет не өзінің қызметтік өкілеттіктерін пайдалана отырып адам немесе алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған дәл сол әрекет, –

шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасынан шығарып жібере отырып, мұлкі тәркіленіп немесе онсыз, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан жеті жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, жеті мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не үштен жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөлігінде көзделген, қылмыстық топ жасаған немесе ауыр зардаптарға әкеп соққан іс-әрекет, –

шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасынан шығарып жібере отырып, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";
- 59) 405-бапта:
- бірінші бөліктің екінші абзацындағы "бес жыл мерзімге" деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы "бес жыл мерзімге" деген сөздер алып тасталсын;

60) 406-баптағы "азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерінің не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерінің елеулі түрде бұзылуына" деген сөздер "елеулі зиян келтірсе" деген сөздермен ауыстырылсын;

61) 408-бапта:

тақырып келісі редакцияда жазылсын:

"408-бап. Қазақстан Республикасы Конституциялық соты судьясының, сот төрелігін немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның, сот ісін жүргізуге қатысуына байланысты адамның өміріне қол сұғу";

бірінші абзацы "сарапшының," деген сөзден кейін "маманның," деген сөзben толықтырылсын;

62) 409-бапта:

тақырып келісі редакцияда жазылсын:

"409-бап. Сот төрелігін, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыруға байланысты немесе сот ісін жүргізуге қатысуға байланысты қорқыту немесе күш қолдану әрекеттері ",

екінші бөліктің бірінші абзацы "сарапшының," деген сөзден кейін "маманның," деген сөзben толықтырылсын;

63) 428-бапта:

тақырып келісі редакцияда жазылсын:

"428-бап. Қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелері әкімшілігінің, тергеу изоляторлары мен уақытша ұстаса изоляторларының заңды талаптарына бағынбау";

бірінші бөліктің бірінші абзацы келісі редакцияда жазылсын:

"1. Бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан адамның қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелері әкімшілігінің заңды талаптарына қасақана бағынбауы, –";

үшінші бөліктің бірінші абзацы келісі редакцияда жазылсын:

"3. Қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелері әкімшілігінің, тергеу изоляторлары мен уақытша ұстаса изоляторларының заңды талаптарына топтық бағынбауды ұйымдастыру, сол сияқты зорлық-зомбылық қолданумен ұштасқан немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соққан топтық бағынбауға қатысу, –";

64) 435-бапта:

бірінші бөліктің бірінші абзацындағы "егер бұл іс-әрекеттер адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына немесе заңды мүдделеріне, заңды тұлғалардың құқықтарына немесе заңды мүдделеріне, қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтірсе" деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Адам өзінің қызметтік жағдайын пайдалана отырып, сол сияқты адвокатқа немесе оның жақындарына қатысты зорлық-зомбылық немесе оны қолдану қатерін қолдана отырып не олардың мүлкін бүлдіре немесе жоя отырып жасалған дәл сол іс-әрекет,-";

65) 438-бапта:

мынадай мазмұндағы 1-1-бөлікпен толықтырылсын:

"1-1. Денсаулыққа орташа ауырлықтағы зиян келтірумен жасалған дәл осындай әрекет, –

төрт жылға дейін бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

екінші бөліктегі:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың бірінші немесе 1-1-бөліктерінде көзделген, мынадай:";

3) тармақтағы "немесе ауырлығы орташа" деген сөздер алып тасталысын;

үшінші бөліктің бірінші абзацы "бірінші" деген сөзден кейін ", 1-1" деген сөзмен толықтырылсын;

төртінші бөліктің бірінші абзацындағы "бірінші немесе екінші бөліктерінде" деген сөздер "бірінші, 1-1, екінші немесе үшінші бөліктерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

66) 439-бапта:

мынадай мазмұндағы 1-1-бөлікпен толықтырылсын:

"1-1. Денсаулыққа орташа ауырлықтағы зиян келтірумен жасалған дәл осындай әрекет, –

төрт жылға дейін бас бостандығынан айыруға жазаланады";

екінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың бірінші немесе 1-1 бөліктерінде көзделген мынадай:

1) адамдар тобымен немесе адамдар тобымен алдын ала сөз байласу арқылы;

2) қаруды қолдану арқылы;

3) денсаулығына ауыр зиян келтіре отырып жасалған дәл сол іс-әрекеттер,";

үшінші бөліктің бірінші абзацы "бірінші және екінші" деген сөздерден кейін ", 1-1" деген цифрен мен толықтырылсын;

төртінші бөліктің бірінші абзацындағы "бірінші немесе екінші бөліктерінде" деген сөздер "бірінші, 1-1, екінші немесе үшінші бөліктерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

67) 440-бапта:

мынадай мазмұндағы 2-1-бөлікпен толықтырылсын:

"2-1. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, денсаулыққа орташа ауырлықтағы зиян келтіре отырып жасалған іс-әрекеттер, –

бес жұз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

үшінші бөліктегі:

"немесе екінші" деген сөздер ", екінші немесе 2-1" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақтағы "немесе ауырлығы орташа" деген сөздер алып тасталсын;

төртінші бөліктің бірінші абзацы "екінші" деген сөзден кейін ", 2-1" деген цифрен толықтырылсын;

68) 443-бапта:

екінші бөліктің бірінші абзацы "төтенше жағдайда" деген сөздерден кейін "Жауынгерлік жағдайда," деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөлік алып тасталсын;

69) 445-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы "екі" деген сөз "үш" деген сөзben ауыстырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы "бес" деген сөз "жеті" деген сөзben ауыстырылсын;

70) 450-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацындағы "азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мұдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мұдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соқса" деген сөздер "елеулі зиян келтіруге әкеп соқтырса" деген сөздермен ауыстырылсын;

71) 451-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацындағы "азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мұдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мұдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соққан әрекеттер жасауы" деген сөздер "елеулі зиян келтіруге әкеп соққан іс-әрекеттер жасауы" деген сөздермен ауыстырылсын;

72) 452-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацындағы "егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мұдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мұдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соқса" деген сөздер "елеулі зиян келтіруге әкеп соқтырса" деген сөздермен ауыстырылсын;

73) 459-бапта:

бірінші бөліктегі:

бірінші абзацтағы "Қару-жарақты, ок-дәрілерді," деген сөздер "Қару-жарақты, жүріп-тұру құралдарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацта:

"екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі" деген сөздер "төрт мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"не сол мерзімге" деген сөздер "не төрт жылға дейінгі мерзімге бас" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы "бес жылға дейін" деген сөздер "үш жылдан сегіз жылға дейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

74) 460-бапта:

бірінші абзацтағы "Қару-жарақты, оқ-дәрілерді," деген сөздер "қару-жарақты" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

75) 461-баптың бірінші абзацындағы "қару-жарақты, оқ-дәрілерді" деген сөздер "қару-жарақты" деген сөздермен ауыстырылсын;

76) 462-бапта:

тақырыптағы "қару-жарақпен" деген сөздер "қару-жарақпен" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөлігінің бірінші абзацындағы "Қару-жарақпен, оқ-дәрілермен" деген сөздер "қару-жарақпен," деген сөздермен ауыстырылсын;

77) 464-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацы "жауынгерлік техниканың істен шығуна" деген сөздерден кейін "әскери немесе" деген сөздермен толықтырылсын;

3. 2014 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне:

1) 42-1-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қылмыстық процесті жүргізуші адам техникалық мүмкіндіктерді ескере отырып, қылмыстық сот ісін электрондық форматта жүргізуге құқылы, бұл туралы уәжді қаулы шығарады.

Бұл ретте қылмыстық процестің тараптарына қылмыстық істің материалдарына электрондық форматта қолжетімділік беріледі.

Қылмыстық процеске қатысушының қылмыстық істі қағаз түрінде жүргізу туралы дәлелді өтінішхаты келіп түсken жағдайда не қылмыстық сот ісін одан әрі электрондық форматта жүргізу мүмкін болмаған жағдайда, қылмыстық процесті жүргізуші адам қағаздағы форматқа көшеді, ол туралы уәжді қаулы шығарады.

Қылмыстық процесті электрондық форматта жүргізу туралы қаулыға қылмыстық процеске қатысушылар осы Кодекстің 100-бабында көзделген тәртіппен шағым жасай алады.";

2) 43-бапта:

бірінші бөлік мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Бір іс жүргізуде пара беру, пара алу немесе коммерциялық пара беру туралы өзара байланысты қылмыстар туралы қылмыстық істер де біріктірілуі мүмкін.";

бесінші бөлік алып тасталсын;

3) 62-баптың бірінші бөлігі "бөлімінің" деген сөзден кейін "(бөлімшесінің)" деген сөзben толықтырылсын;

4) 65-бапта:

бесінші бөлік мынадай мазмұндағы 6-1) тармақпен толықтырылсын:

"6-1) қорғау актісіне қол қою。";

алтыншы бөлік мынадай мазмұндағы 4-1) тармақпен толықтырылсын:

"4-1) қорғау актісіне қол қою。";

5) 70-баптың 2-бөлігінің 5) тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) жедел-іздестіру және қарсы барлау іс-шаралары, жасырын тергеу әрекеттері туралы деректер қамтылған іс материалдарын қоспағанда, іске кірісken кезден бастап өзінің қорғауындағы адамға қатысты істің мынадай материалдарымен:

адамның жасалған қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызында, хабарында қамтылған дербес деректерді қоспағанда, осындаи арызбен, хабармен;

осындаи арызда, хабарда қамтылған дербес деректерді қоспағанда, оларды сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінде тіркеу туралы баянатпен танысуға құқылы.

Қорғаудағы адамның қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің және процестік әрекеттердің хаттамаларының;

бұлтартпау шарасын қолдануға санкция беру туралы сот алдындағы өтінішхатының

;

өзінің қорғауындағы адамға қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының;

бұлтартпау шарасын қолдану;

сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарын іс жүргізуге қабылдау;

тергеу, жедел-тергеу тобын құру;

қылмыстық іс бойынша сот ісін жүргізу тілін белгілеу;

оларда қамтылған дербес деректерді қоспағанда, жәбірленуші деп тану;

азаматтық талапкер деп тану;

кудікті деп тану;

кудіктінің іс-әрекетін саралау;

бұлтартпау шарасын санкциялау туралы өтінішхатты қозғау;

қорытынды беру үшін маманды тарту;

сот сараптамасын тағайындау;

мұлікке тыйым салуды қолдану;

сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін ұзу;

сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тоқтату;

тоқтатылған сотқа дейінгі тергеп-тексеруді қайта бастау;

қорғау тарапының шағымдарын, өтінішхаттарын қарау нәтижелері;

тінту, алу (олар аяқталғаннан кейін) жүргізу;

тергеу экспериментін жүргізу;

сараптамалық зерттеу үшін үлгілер алу туралы қаулыларының көшірмелерін ғылыми-техникалық құралдардың көмегімен түсірге не сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамнан алуға құқылы.

Сондай-ақ ғылыми-техникалық құралдардың көмегімен:
маман, сарапшы қорытындысының, өзінің қорғауындағы адамға қатысты қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы хабардың;

тергеу әрекеттерін жүргізудің аяқталғаны және қылмыстық іс материалдарымен танысу құқығын түсіндіру туралы хабарламаның көшірмелерін түсірге құқылы.

Мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді және айыптау күәларының тізімін қоспағанда, сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін қылмыстық істің барлық материалымен танысуға, одан кез келген көлемде кез келген мәліметтерді жазып алуға, ғылыми-техникалық құралдардың көмегімен көшірмелерін түсірге құқылы";

6) 76-баптың екінші бөлігіндегі "қорғаушы" деген сөздер "жәберленушінің өкілі ретінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 105-баптың бірінші бөлігіндегі "прокурорға немесе сотқа" деген сөздер "прокурорға, сотқа" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 106-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құқықтары мен бостандықтарын прокурордың, тергеу және анықтау органдарының әрекеті (әрекетсіздігі) және шешімі тікелей қозғайтын тұлға, сонымен қатар оның қорғаушысы (қорғаушылары) қылмыстық құқық бұзушылық туралы, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуында, тергеп-тексеру мерзімдерін үзуде, қылмыстық істі тоқтатуда, сот-медициналық сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыруда, тінтуді және (немесе) алуды жүргізуде, өзге де әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) жасауда және шешімдерді қабылдауда заңның бұзылуы туралы арызды қабылдаудан бас тартуға шағыммен сотқа жүгінуге құқылы.

Прокурордың, тергеу және анықтау органдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдар осы Кодекстің 105-бабында көзделген тәртіппен шағымданғаннан кейін сотқа беріледі.

Шағымды осы баптың тәртібімен қарау кезінде сот осы Кодекске сәйкес қылмыстық істі мәні бойынша шешкен кезде сот қарауының нысанасы болып табылуы мүмкін мәселелерді алдын ала шешпеуге тиіс.";

9) 107-баптың төртінші бөлігі "әрекеттері" деген сөзден кейін "(әрекетсіздігі)" деген сөзбен толықтырылсын;

10) 112-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Егер күдіктінің, қорғалуға құқығы бар куәнің, жәберленушінің және куәнің айғақтары, сарапшының, маманның қорытындысы, заттай дәлелдемелер, тергеу және сот әрекеттерінің хаттамалары және өзге де құжаттар қылмыстық іс материалдарының

тізімдемесіне енгізілмесе, оларды айыптау негізіне жатқызуға болмайды. Күдіктінің, сонымен қатар қорғалуға құқығы бар күнін, одан күә ретінде алдын ала жауап алу барысында берген айғақтары дәлелдемелер ретінде таныла алмайды және оларды оның жұбайына (зайыбына) және жақын туыстарына қарсы қолдануға, сондай-ақ оны айыптау негізіне жатқызуға болмайды.";

11) 122-баптың екінші бөлігі мынадай жазылсын:

"2. Қылмыстық процесті жүргізетін орган процеске қатысушылардың өтінішхаттары немесе өз бастамасы бойынша езінің іс жүргізуіндегі қылмыстық іс бойынша жауап алу немесе сарапшы немесе маман ретінде қорытынды беру үшін осы Кодексте белгіленген тәртіппен кез келген адамды шақыруға; осы Кодексте көзделген процестік іс-әрекеттерді жүргізуге; коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді берудің және жария етудің Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртібін сақтай отырып, жеке, занды тұлғалардан және лауазымды адамдардан, сондай-ақ жедел-іздестіру немесе қарсы барлау қызметін жүзеге асыратын органдардан іс үшін маңызы бар құжаттар мен нәрселерді беруді талап етуге; уәкілетті органдар мен лауазымды адамдардан ревизиялар мен тексерулер жүргізуді талап етуге құқылы. Кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне ревизиялар мен тексерулер жүргізу туралы талаптар прокурормен келісілуге тиіс. Сот өз бастамасымен дәлелдемелер жинауға құқылы емес.>";

12) 129-баптың үшінші бөлігі "жеткізілгендігі туралы дереу анықтама" деген сөздерден кейін "адамға жеткізу негізі мен уақыты көрсетіле отырып," деген сөздермен толықтырылсын;

13) 145-баптың үшінші бөлігі "мөлшерде" деген сөзден кейін ",бірақ қылмыстардың тиісті санатындағы кепілдің ең төменгі мөлшерінің жартысынан төмен емес," деген сөздермен толықтырылсын;

14) 148-бапта:

сегізінші бөліктегі "санкциялау туралы қаулы шығарған кезде," деген сөздер ",148 баптың тоғызыншы бөлігіндегі 2) тармағындағы көзделгеннен" деген сөздермен ауыстырылсын;

тоғызыншы бөліктегі 3) және 4)-тармақтар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 9-1-бөлікпен толықтырылсын:

"9-1. Тергеу судьясы, сот құзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасына санкция беру туралы қаулы шығарған кезде кепіл:

1) күдікті, айыпталушы сот ісін жүргізуге кедергі келтіреді немесе тергеу мен соттан жасырылады деп пайымдауға жеткілікті негіздер болған;

2) күдіктінің, айыпталуышының қылмыстық қызметті жалғастыруы туралы деректердің болған жағдайларда белгіленбеуі мүмкін.>";

15) 158-баптың жетінші бөлігі "ең төмен бір жалақы мөлшерінен," деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайтын тәртіппен," деген сөздермен толықтырылсын;

16) 161-бапта:

бірінші бөліктің тәртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам мүлікке билік етуге уақытша шектеу белгіленген мерзім өткенге дейін қаржы үйымдарын және мүлікті және (немесе) мүлікке құқықтарды тіркеу саласындағы уәкілетті органдарды немесе өзге де уәкілетті органдар мен үйымдарды бұл туралы хабардар ете отырып, осы Кодекстің 162 -бабында көзделген тәртіппен сот алдында мүлікке тыйым салуды қолдану туралы қаулы шығаруға не белгіленген уақытша шектеуді алып тастауға міндettі.";

тоғызыншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Тыйым салынуға жататын мүлік жасырылуы немесе жоғалтылуы мүмкін деп пайымдауға негіз болған жағдайларда сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам прокурорды және сottы жиырма төрт сағат ішінде хабардар ете отырып, он тәуліктен аспайтын мерзімге мүлікпен мәмілелер және өзге де операциялар жасауды тоқтата тұруға не мүлікті алып қоюға құқылы.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам мүлікпен мәмілелер және өзге де операциялар жасауды тоқтата тұру не оны алып қою мерзімі өткенге дейін қаржы үйымдарын және мүлікті және (немесе) мүлікке құқықтарды тіркеу саласындағы уәкілетті органдарды немесе өзге де уәкілетті органдар мен үйымдарды бұл туралы хабардар етіп, осы Кодекстің 162-бабында көзделген тәртіппен сот алдында мүлікке тыйым салуды қолдану туралы өтінішхатты қозғау туралы қаулы шығаруға не мүлікпен мәмілелер және өзге де операциялар жасауды тоқтата тұрудың күшін жоюға және (немесе) оны қайтаруға міндettі.";

мынадай мазмұндағы оныншы бөлікпен толықтырылсын:

"10. Мүлікке билік етуге уақытша шектеу белгіленген, мүлікпен мәмілелер және өзге де операциялар жасау тоқтатыла тұрған мерзім өткен және тергеу сотының мүлікке тыйым салуды қолдануды санкциялауы туралы қаулы келіп түспеген жағдайларда, қаржы үйымдары және мүлікті және (немесе) мүлікке құқықтарды тіркеу саласындағы уәкілетті органдар сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамды дереу хабардар ете отырып, мүлікке билік етуге уақытша шектеуді, мүлікпен мәмілелер және өзге де операциялар жасауды тоқтата тұруды өз бетінше алып тастауға міндettі.";

17) 179-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздың, хабардың Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелуі не кезек күттірмейтін бірінші тергеу әрекеті сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы болып табылады.

Мынадай:

1) қолданыстағы заңнаманы бұзушылықтар туралы, тексерулер, ревизиялар, аудит актілерімен және олардың болуы қылмыстық құқық бұзушылықтың міндettі белгісі болып табылатын басқалармен расталған нұқсан туралы, елеулі зиян не заңсыз кіріс, медицина немесе фармацевтика қызметкерінің кәсіптік міндettтерін орындағаны, тиісінше орындағаны, медициналық көмек көрсетуге міндettі адамның науқасқа оны көрсетпеуі, клиникалық зерттеулер жүргізу және профилактиканың, диагностиканың, емдеудің және медициналық оналтудың жаңа әдістері мен құралдарын қолдану тәртібін бұзы туралы мәліметтері жоқ;

2) жазбаша нысанда жасалған және сот жарамсыз, жалған немесе өтірік деп танымаған азаматтық-құқықтық мәмілелерді орындауға немесе тиісінше орындауға негізделген бұзушылықтар жөнінде қылмыстық құқық бұзушылық туралы ;

3) егер олардың болуы қылмыстық құқық бұзушылықтың міндettі белгісі болып табылса, құқық қорғау немесе арнаулы мемлекеттік органның уәкілетті бөлімшесі маманының кәсіпкерлік субъекті алған залалдың, елеулі зиянның немесе заңсыз кірістің расталмаған белгілері бар қорытындысы негізінде;

4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қаралатын азаматтық-құқықтық дау бар;

5) салықтық тексеру актісін, қорытындыларында қылмыстық құқық бұзушылық белгілерінің бар екендігін көрсететін жеткілікті деректер бар салық қызметі органдары маманының қорытындысын (анықтамасын) қоса бермей:

жоғары тұрған органның шешімі күшіне енгенге дейін салық қызметі органдарының актілеріне сотқа дейінгі және сотқа шағымданған кездегі;

жұмыстарды нақты орындаусыз, қызметтер көрсетусіз, тауарларды тиеп-жөнелтусіз мәмілелер бойынша есептеулер жүргізілген не декларацияны тапсыру міндettі болып табылатын декларацияны ұсынбаған не басқа салық салу объектілерін жасыру жолымен кірістер және (немесе) шығыстар туралы көрінеу бүрмаланған деректерді декларацияға енгізген жағдайларды қоспағанда, салықтардың және (немесе) бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдердің есептелген сомаларын толық ерікті түрде өтеу кезіндегі салық заңнамасы саласындағы бұзушылықтар туралы арыз, хабар немесе баянат тіркелуге жатпайды.

Осы баптың бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақтарында көрсетілген талаптар шарттық міндettемелерді жосықсыз орындау үшін ұжымдық, көптеген өтініштер беру жағдайларына қолданылмайды.";

18) 187-бапта:

бірінші бөлікте:

"208 (екінші және үшінші бөліктерінде)" деген сөздер "208 (2-1 және үшінші бөліктерінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлікте:

"352," деген цифrlардан кейін "352-1 (екінші және үшінші бөліктерінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

"438 (екінші және үшінші бөліктерінде), 439 (екінші және үшінші бөліктерінде)" деген сөздерден кейін "438 (1-1, екінші және үшінші бөліктерінде), 439 (1-1, екінші және үшінші бөліктерінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

бесінші бөліктегі "443 (үшінші бөлігінде)," деген сөздер алып тасталсын;

19) 188-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің жедел және толық болуы мақсатында ол қылмыстық құқық бұзушылық анықталған орын бойынша, сондай-ақ күдікті немесе қуәлардың көвшілігі тұратын жерденемесе ақпараттық жүйе немесе Интернет арқылы қылмыстық құқық бұзушылық жасаған жағдайда жәбірленушінің тұратын жерінде жүргізуі мүмкін.>";

20) 190-бапта:

4-2-бөліктегі "бірінші және 1-1" деген сөздер "бірінші, 1-1 және 1-2" деген сөздермен ауыстырылсын;

жетінші бөлік "жеделдетілген тергеп-тексеру хаттамасын бекітеді" деген сөздерден кейін "айыпталуышыны сотқа беру туралы қаулы шығарады" деген сөздермен толықтырылсын;

21) 191-бапта:

екінші бөліктегі "207 (бірінші бөлігінде), 209 (бірінші бөлігінде), 210 (бірінші бөлігінде)," деген сөздер алып тасталсын;

төртінші бөліктегі "440 (үшінші бөлігінде)" деген сөздер "440 (2-1, үшінші бөлігінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

оныншы бөліктегі "бірінші бөлігінде" деген сөздер "бірінші, 1-1 бөлігінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

22) 192-бап мынадай мазмұндағы 2-1-бөлікпен толықтырылсын:

"2-1. Бірнеше іс біріктірілген іс бойынша іс жүргізу мерзімі бірінші қылмыстық іс басталған күннен бастап есептеледі. Егер Біріккен істердің бірі бойынша бұлтартпау шарасы ретінде қамауда ұсташа не үй қамағына алу қолданылса, сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімі көрсетілген бұлтартпау шаралары қолданылған істі сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған күннен бастап есептеледі.>";

23) 193-баптың бірінші бөлігінде:

11) тармақтағы "не сотқа дейінгі тергеп-тексеруді толық көлемде немесе нақты адамдарға қатысты тоқтатады" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 11-1) тармақпен толықтырылсын:

"11-1) сотқа дейінгі тергеп тексеруді толық көлемде немесе нақты тұлғаларға қатысты қысқартады";

24) 197-бап мынадай мазмұндағы жетінші бөлікпен толықтырылсын:

"7. Кәмелетке толмағанның қатысуымен тергеу әрекетін жүргізу кезінде оның занды өкілдері, сонымен қатар педагогы пен (немесе) психологы қатысуға құқылы.";

25) 201-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректері, жария етілмеуге тиіс. Олар, егер бұл тергеп-тексеру мұдделеріне қайшы келмese және басқа тұлғалардың құқықтары мен занды мұдделерін бұзуға байланысты болмаса, прокурордың рұқсатымен қандай көлемде жария ету мүмкін деп танылса, сол көлемде жария етілуі мүмкін.

Қорғаушы прокурордың рұқсатымен және қорғаушының келісімімен сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректерін жария етпей, қылмыстық қудалау органдарын жариялауға теріске шығаруды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы.";

26) 213-бапта:

тақырып пен бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"213-бап. Ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып, бейнебайланыс режимінде жауап алушын, беттестірудің (қашықтықтан жауап алу) ерекшеліктері

1. Жәбірленушіден, куәдан, қорғауға құқығы бар куәдан, күдіктіден, оның ішінде қорғаушының қатысуымен жауап алу, оны олар аумағында болған не тұратын ауданның не облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың сотқа дейінгі тергеп-тексеру органына шақыру арқылы ғылыми-техникалық құралдар пайдаланыла отырып, бейнебайланыс режимінде (қашықтықтан жауап алу) жүргізуі мүмкін. Қашықтықтан жауап алу, беттестіру барысында процестік әрекетке қатысушылар жауап алышып жатқан адамның айғақтарын тікелей трансляциядан тікелей қабылдайды

Қашықтықтан жауап алу:

1) адамның денсаулық жағдайы немесе басқа да дәлелді себептер бойынша қылмыстық істі тергеп-тексеру (қарау) жеріндегі қылмыстық процесті жүргізетін органға тікелей келуі мүмкін болмайтын;

2) адамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет болатын;

3) жас немесе кәмелетке толмаған куәдан, жәбірленушіден жауап алу жүргізілген;

4) сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімінің сақталуын, істің сотта қаралуын қамтамасыз ету үшін қажет болған;

5) жауап алу қыын немесе артық шығындармен байланысты болады деп пайымдауға негіз беретін себептер болған жағдайларда жүргізіледі.";

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын

"3. Байланыс бейнесін дыбыстық және бейнежазба режимінде жүргізілген тергеу әрекетінің барысы мен нәтижелері осы Кодекстің 199-бабының талаптарына сәйкес тапсырманы орындағынын сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы жасайтын хаттамада көрсетіледі. Қашықтықтан жауап алу, күндізгі ставка хаттамасында олардың көмегімен тергеу әрекеті жүргізілетін дыбыстық және бейнежазбаның ғылыми-техникалық құралдары туралы мәліметтер көрсетіледі.

Жауап алынатын адамның хаттамаға толықтырулар мен нақтылаулар енгізу туралы талаптары міндettі түрде орындалуға жатады.

Хаттама оған қол қойылғаннан кейін істі тергеп-тексеруді";

27) 215-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"215-бап. Кәмелетке толмаған күедан немесе жәбірленушіден жауап алу ерекшеліктері

1. Кәмелетке толмаған күедан немесе жәбірленушіден жауап алу кезінде оның занды өкілдері, сондай-ақ педагог және (немесе) психолог қатысуға құқылы.";

28) 220-баптың он үшінші бөлігіндегі "ауыр" деген сөз "ауыр" деген сөзben ауыстырылсын;

29) 232-баптың сегізінші бөлігіндегі "Кәсіби көмекті жүзеге асыратын" деген сөздер "Құқықтық көмекті жүзеге асыратын" деген сөздермен ауыстырылсын;

30) 254-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Санкцияланған тінту және алу он тәуліктен аспайтын мерзімде жүргізілуге тиіс.".

31) 255-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жеке басын тінтуді тінтілетін адаммен жынысы бір адам ғана және (немесе) сондай жыныстағы күйерлер мен мамандардың қатысуымен жүргізеді.";

32) 257-бапта:

алтыншы бөліктегі "айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылау кезінде маман қатысуға құқылы." деген сөздер "айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылау кезінде маманның қатысуымен өткізіледі." деген сөздермен ауыстырылсын;

жетінші бөліктегі "Хаттамада айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылаудың жағдайлары, барысы мен нәтижелері егжей-тегжейлі көрсетіледі." деген сөздер алып тасталсын;

33) 258-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Тергеу эксперименті барысы мен нәтижелерін тіркеудің ғылыми-техникалық қуралдарын міндettі түрде қолдана отырып жүргізіледі. Қажет болған жағдайда тергеу экспериментіне қатысуға маман, сарапши тартылады. Құдіктіні, жәбірленушіні, күйерді және тәжірибелік әрекеттерді жүргізетін адамдарды тарту олардың келісімімен жүзеге асырылады. Экспериментке қатысушыларға оның мақсаттары мен тәртібі түсіндіріледі";

34) 260-бапта:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекеттік органдардың, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың басшылары және лауазымды адамдары сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның прокурормен келісілген талабы бойынша өз құзыretі шегінде жоспардан тыс

тексеру, құжаттамалық ревизия немесе өзге де қызметтік тексеру жүргізуге және ревизия немесе тексеру актісін барлық қосымшаларымен бірге белгіленген мерзімде ұсынуға міндettі.;"

ұшінші бөліктегі "қателердің" деген сөз "кемшіліктердің" деген сөзбен ауыстырылсын;

35) 272-бапта:

бірінші бөліктегі "тергеу судьясы" деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктегі "тергеу судьясының" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 4-1-бөлікпен толықтырылсын:

"4-1. Қылмыстық процесті жүргізетін Орган сараптама тағайындалап, сот сараптамасы органына жіберілгенге дейін қорғаушыны барлық сараптама объектілерімен, оның ішінде арнайы жедел-іздестіру, қарсы барлау іс-шаралары мен жасырын тергеу іс-әрекеттерінің материалдарымен таныстырады.;"

алтыншы бөліктің ұшінші абзацындағы "тергеу судьясы" деген сөздер алып тасталсын;

тоғызыншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Өзінің бастамасы бойынша сараптама тағайындалған процеске қатысушы сарапшылық зерттеу объектілері ретінде нәрселерді, құжаттарды ұсынуы мүмкін. Қылмыстық процесті жүргізетін орган оларды оларды тіркеуден және сарапшыға жіберуден бас тартуға құқығы жоқ.;"

36) 272-1-бапта:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сұрау салуда: адвокаттың тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), сараптаманы тағайындау уақыты, орны; сараптама түрі; сараптама тағайындау үшін негіздер; сараптамаға жіберілетін объектілер және олардың шығу тегі туралы ақпарат, сондай-ақ зерттеу барысында көрсетілген объектілерді ықтимал толық немесе ішінара жоюға, олардың сыртқы түрін немесе негізгі қасиеттерін өзгертуге рұқсат; ол сот сараптамасын жүргізуді тапсыруға ниет білдірген сот сараптамасы органының, ұйымының атауы және (немесе) адамның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) көрсетіледі.

Сұрау салуға сондай-ақ қорғау (өкілдік ету) туралы жазбаша хабарлама қоса беріледі.;"

37) 274-бапта;

тақырып және бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"274-бап. Күдіктінің, айыпталушының, жәбірленушінің, күәнің (оның ішінде қорғалуға құқығы бар куәнің), қорғаушының және жәбірленуші өкілінің сараптама тағайындау және жүргізу кезіндегі құқықтары

1. Сараптама тағайындау және жүргізу кезінде жәбірленушінің, күдіктінің, айыпталушиның, қорғалуға құқығы бар куәнің, қорғаушының және жәбірленуші өкілінің:

1) сараптама жүргізілгенге дейін оның тағайындалғаны туралы қаулымен танысуға және өздеріне тиесілі құқықтарға түсіндірме алуға, сараптамаға жолданған объектілердің тізімімен танысуға құқығы бар, бұл туралы хаттама жасалады;

2) сарапшыға қарсылық білдіруді немесе сот сараптамасы органын сараптама жүргізуден шеттету туралы өтінішхатты мәлімдеуге;

3) өздері көрсеткен адамдарды немесе нақты сот сараптамасы органдарының қызметкерлерін сарапшылар ретінде тағайындау, сондай-ақ сараптаманы сарапшылар комиссиясының жүргізуі туралы өтінішхат беруге;

4) сараптама тағайындау туралы қаулымен танысқан сәттен бастап үш күн ішінде тергеушіге тергеуші дереке сарапшыға жіберетін қосымша сұрақтар жолдауға немесе қойылған мәселелерді нақтылауға;

5) сараптама жүргізілген кезде қылмыстық процесті жүргізетін органның рұқсатымен, осы Кодекстің 278-бабында көзделген тәртіппен қатысуға;

5-1) сарапшының өтінішін қанағаттандыру не оны қанағаттандырудан бас тарту туралы қаулымен танысуға;

6) сарапшының қорытындысымен не осы Кодекстің 284-бабында көзделген тәртіппен қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы хабармен танысуға құқығы бар.;"

екінші бөліктегі "оның ішінде қорғалуға құқығы бар," деген сөздер алып тасталсын;

38) 276-бапта:

бірінші бөліктегі "тергеу судьясы" деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөлік алып тасталсын;

39) 277-баптың екінші бөлігіндегі "тергеу судьясы" деген сөздер алып тасталсын;

40) 281-баптың бесінші бөлігіндегі "тергеу судьясының" деген сөздер алып тасталсын;

41) мынадай мазмұндағы 305-1-баппен толықтырылсын:

"305-1-бап. Қорғау актісі

1. Айыптау актісінің көшірмесін алғаннан кейін қорғаушы қорғаушының келісімімен сотқа қорғау актісін ұсынуға құқылы.

Бұл ретте қорғау актісінің көшірмесі прокурорға жіберіледі.

2. Қорғау актісінде қорғау тарапының дәлелдері және (немесе) өтінішхаттары көрсетіледі.

3. Қорғау актісіне сот отырысына шақырылуға жататын адамдардың тізімі (қорғау тізімі), заттай дәлелдемелер қоса берілуі мүмкін. Тізімде адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), оның іс жүргізу жағдайы, тұрғылықты жері көрсетіледі. 4. Қорғау актісіне қорғаушы мен оның қорғаушысы қол қояды.

Сот талқылауы барысында қорғау актісін езгертуге және толықтыруға қорғаушының келісімімен жол беріледі.";

42) 323-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"323-бап. Соттың істі прокурорға жіберуі

Бас сот талқылауын тағайындауға кедергі келтіретін қылмыстық-процестік заңнаманы елеулі бұзушылықтар анықталған кезде, сондай-ақ оларды басты сот талқылауында анықталған кезде, сот оларды жою үшін істі прокурорға қайтарады.

Қылмыстық-процестік заңнаманы елеулі бұзушылықтарын жою сотқа дейінгі тергеп-тексерудің толық еместігін толтырумен байланысты бола алмайды.

Прокурордың тергеу олқылықтарының орнын толтыру үшін қылмыстық істі сотқа дейінгі тергеу органына қайтаруға құқығы жоқ.";

43) 330-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Судья сот отырысын дайындау үшін шаралар қолданады.

2. Қорғау күәлары мен айыптау күәларының сот отырысына келуін қамтамасыз ету тиісті тараптарға жүктеледі. Судья тараптардың өтініші бойынша олар көрсеткен адамдарды сотқа шақыру туралы шақыру қағазын ұсынуға тиіс.

Осы Кодексте көзделген жағдайларда судья осы Кодекстің 157-бабына сәйкес құштеп әкелу туралы қаулы шығарады. Қысқартылған тәртіппен сот талқылауы тағайындалған кезде сот отырысына күәлар шақырылмайды.";

44) 336-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Іске жаңадан кірісken қорғаушыға сот талқылауына қатысуға дайындалу үшін қажетті уақыт беріледі. Қорғаушының келісімімен ол сотқа қорғаудың ұстанымын негіздей отырып, жаңа қорғау актісін ұсынуға, сондай-ақ ол өзі іске кірісеннеге дейінгі сот талқылауында жасалған кез келген әрекетті қайталау туралы өтінішхат жасауға құқылы";

45) 351-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"351-бап. Басты сот талқылауына келген тұлғаларды тексеру

Сот отырысының хатшысы сотқа негізгі сот талқылауына қатысу үшін айыптау және қорғау тараптары шақырған адамдардың келуі туралы баяндайды.";

46) 363-баптағы "және келмеген тұлғаларды келесі сот отырысына шақырту" деген сөздер "келмеген адамдардың келесі сот отырысына келуі немесе оларды тараптардың өтініші бойынша алып келуі туралы міндеттерді тараптарға жүктей отырып талқылауды кейінге қалдыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

47) 364-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сот тергеуі толық немесе қысқартылған тәртіппен жүзеге асырылады және мемлекеттік айыптаушының – сотталушыға таққан айыбының мәнін баяндауынан, ал жекеше айыптау істері бойынша – шағым берген тұлғаның немесе оның өкілінің шағымды баяндауынан басталады. Айыптаушы тарап азаматтық талап қойған жағдайда талап қою талаптарының мәнін баяндайды.";

48) 365-бап мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

"5. Сотталушиның ұстанымын негізге ала отырып, осы Кодекстің 382-бабында көрсетілген мән-жайлар болған кезде сот істі қысқартылған тәртіппен қарау туралы мәселені қарайды.";

49) 367-баптың үшінші және төртінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Сот сотталушиға одан тараптар жауап алғаннан кейін сұрақ қояды.

4. Сотталушидан басқа сотталушиның қатысуынсыз жауап алуға тараптардың өтінішхаты бойынша жол беріледі, бұл туралы қаулы шығарылады. Бұл жағдайда сотталуши сот отырысы залына қайтып келгеннен кейін оған өзі болмаған кезде сот отырысының хаттамасына енгізілген айғақтар оқылады және өзі болмағанда жауап алынған сотталушиға сұрақ қою мүмкіндігі беріледі";

50) 368-баптың бірінші бөлігі "жол берілед" деген сөздерден кейін "өтінішхаты бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

51) 370-бапта:

екінші бөлік "міндеттері мен жауаптылығының түсіндірілгені туралы қолхат алынады" деген сөздерден кейін ",ал куәдан жауап алу онлайн режимінде жүргізілген жағдайда сот отырысының хаттамасында тіркеледі." деген сөздермен толықтырылсын;

бесінші бөліктегі "оның қаулысы" деген сөздер "тараптардың өтінішхаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

52) 371-баптың үшінші бөлігіндегі "өтінішхаты немесе соттың бастамасы бойынша" деген сөздер алып тасталсын;

53) 380-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қорғау және айыптау тараптары айыптау дәлелдемелерінің зерттелуін көрсетілген өтінішхат қозғалған кезге қаралған дәлелдемелермен шектеу туралы өтінішхат беруге құқылы.";

54) 383-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сот тергеуі аяқталған соң тәрағалық етуші соттың сот жарыссөзіне көшетінін хабарлайды және сот жарыссөзіне қатысуышыларға олардың өз сөздерінде сот отырысында ұсынылмаған және зерттелмеген материалдарға сілтеме жасауға құқылы еместігін түсіндіреді. Сотқа жаңа дәлелдемелер ұсыну қажет болған ретте, олар сот тергеуін қайта бастау туралы өтінішхат берे алады.";

55) 384-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сот жарыссөзі аяқталған соң, тәрағалық етуші сотталушиға соңғы сөз береді. Соңғы сөзben сөйлеу – сотталушиның құқығы. Сотталушиға оның соңғы сөзі кезінде ешқандай сұрақ қоюға жол берілмейді.";

56) 385-баптағы "немесе өз бастамасы" деген сөздер алып тасталсын;

57) 398-баптың бірінші бөлігінің 4) тармағындағы "мен режимін" деген сөздер алып тасталсын;

58) 402-баптың үшінші бөлігі "процестің басқа қатысушыларына үкімге" деген сөздерден кейін "қабылданған шешімнің мәнін," деген сөздермен толықтырылсын;

59) 423-баптың бесінші бөлігі "Мұндай жағдайларда судья шағымды, өтінішті хатпен қайтарады." деген сөздермен толықтырылсын;

60) 424-баптың бірінші бөлігіндегі "апелляциялық сатының отырысында зерттелген материалдар бойынша" деген сөздер "апелляциялық сатыдағы сотта тараптар қосымша ұсынған материалдар бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

61) 425-баптағы "Егер сот жаңа материалдар мен дәлелдемелерді зерттеу және жаңа үкім шығару" деген сөздер "Тараптар ұсынған жаңа материалдар мен дәлелдемелерді зерттеу қажет болған жағдайда," деген сөздермен ауыстырылсын;

62) 427-бап алып тасталсын;

63) 428-бапта:

бірінші бөлік "туралы тараптарға хабарлайды" деген сөздерден кейін ",ол туралы сотталушыға немесе сотталғанға қатысты бұлтартпау шарасын сақтау, сайлау, күшін жою немесе өзгерту туралы мәселені шешетін қаулы шығарады." деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөліктегі "Сот бірінші сатыдағы сотта қараудың нысанасы болып табылмаған жаңа дәлелдемелерді зерттеген кезде" деген сөздер "сот тергеуін апелляциялық сатыдағы сот жүргізген кезде" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөліктегі "не апелляциялық сатының жаңа дәлелдемелерді зерттеуі" деген сөздер "не апелляциялық сатыдағы соттың сот тергеуін жүргізуі" деген сөздермен ауыстырылсын;

64) 429-бапта:

екінші бөлік "медиациялық тәртіппен татуласуға қол жеткізу" деген сөздерден кейін "ҚК-нің 68-бабында көзделген негіздер бойынша, оның ішінде" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші, төртінші және бесінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Сотқа қосымша материалдарды ұсынған тарап олардың қандай жолмен алынғанын және оларды ұсыну қажеттігі неге байланысты туындағанын көрсетуге, сондай-ақ бірінші сатыдағы сот жүргізген сот тергеуін толықтыру қажеттігін негіздеуге міндетті. Қосымша материалдарды тергеу әрекеттерін жүргізу жолымен алуға болмайды.

Тараптар өздерінің апелляциялық шағымдарына, бірінші сатыдағы сот зерттемеген дәлелдемелерге, егер олар дәлелдемелерді сотқа ұсынған болса, бірақ оларды сот қабылдамаған жағдайда немесе олар өздеріне тәуелді емес дәлелді себептермен бірінші сатыдағы сотқа дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда ғана өтінішхаттарға негізделуі мүмкін.

4. Тараптар іске өздері ұсынған жаңа материалдарды қосып тігу және оларды зерттеу, сондай-ақ өздері көрсеткен куәлардан, жәбірленушілерден, сарапшылардан,

мамандардан жауап алу туралы, бірінші сатыдағы сот тергеуі олқылықтарының орнын толтыруға бағытталған өзге де әрекеттер жасау туралы өтінішхаттарды мәлімдеген жағдайда, сот процеске қатысушылардың пікірін тыңдайды, содан кейін оларды қанағаттандыру немесе қабылдамау туралы қаулы шығарады. Егер апелляциялық саты сот тергеуін жүргізу туралы қаулы етсе, онда тараптардың өз бастамасы бойынша келген куәлардан жауап алу туралы өтінішхаттары қанағаттандырылуға жатады. Егер өтінішхаттарды қанағаттандыруға байланысты процестік келісім немесе ҚҚ-нің 68-бабында көзделген негіздер бойынша, оның ішінде медиациялық тәртіппен татуласуға қол жеткізу туралы келісім жасасу немесе басқа да әрекеттерді орындау үшін уақыт талап етілетін болса, сот үзіліс жариялайды және қажет болғанда істі апелляциялық сатыда қарау мерзімін ұзартады.

Егер тағайындалған сараптамаларды жүргізу үшін уақыт талап етілсе, сот үзіліс жариялайды және қажет болғанда істі апелляциялық сатыда қарау мерзімін ұзартады.

5. Апелляциялық сатыдағы сот бірінші сатыдағы сот үшін көзделген қағидалар бойынша істің дұрыс шешілуі үшін маңызы бар, тараптар ұсынған қосымша материалдарды, сарапшылық қорытындыларды зерттейді, тараптармен отырысқа шақырылған адамдардан жауап алады.

Егер бірінші сатыдағы сотта процестік келісім немесе ҚҚ-нің 68-бабында көзделген негіздер бойынша, оның ішінде медиациялық тәртіппен татуласуға қол жеткізу туралы келісім жасалған болса, сот көрсетілген келісімдер шегінде зандылықты тексереді. Исті апелляциялық сатыдағы сот отырысында қараған кезде бірінші сатыдағы сот үкімінің күші заңмен көзделген негіздер бойынша жойылғаннан кейін тараптар бірінші сатыдағы соттың қағидалары бойынша процестік келісім немесе ҚҚ-нің 68-бабында көзделген негіздер бойынша, оның ішінде медиациялық тәртіппен татуласуға қол жеткізу туралы келісім жасай алады.";

65) 430-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"430-бап. Апелляциялық сатының өкілеттіктері

1. Апелляциялық шағыммен немесе прокурордың өтінішхатымен бірге келіп түскен істі қараған кезде сот үкімнің зандылығын тексеру және істі дұрыс шешу мақсатында тараптардың өтінішхаты бойынша:

1) сотталған адамның, жәбірленушінің және іске қатысатын басқа да адамдардың денсаулық жағдайына, отбасылық жағдайына және бұрынғы сотталғандықтары туралы деректерге байланысты құжаттарды, басқа құжаттарды қосып тігуге және зерттеуге;

2) сот-психиатриялық сараптаманы тағайындауға;

3) тараптар мәлімдеген қосымша куәгерлерден, сарапшылардан, мамандардан жауап алу, тараптар ұсынған жазбаша, заттай және өзге де дәлелдемелерді зерттеуге;

4) бірінші сатыдағы сот зерттеген материалдарды жарамсыз дәлелдемелер деп тануға және оларды дәлелдемелер қатарынан алып тастауға;

